

Несие пайызы неге төмендемейді?
7-бет

Қоғам талқысындағы құқықтық нығайтуды
9-бет

Қазақтың байырғы тарихы әлемді қызықтырады
11-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

24 ҚАҢТАР 2024 ЖЫЛ, СӘРСЕНБІ №16 (30745)

Мемлекетшілдік мінбері

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

«Qarmet» қызметі жүйелене бастады

Мемлекет басшысы «Qarmet» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы, «Allug» компаниялар тобының басшысы Андрей Лаврентьевті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Qarmet» кәсіпорнының қазіргі жай-күйі, қалыптасқан жұмысқа көшу шаралары, сондай-ақ өндіріс көлемін ұлғайту, еңбек қауіпсіздігінің деңгейін көтеру жоспары туралы баяндалды.

Кездесу барысында Мемлекет басшысы кәсіпорын қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, апаттық жағдайларды болдырмау мақсатында құрал-жабдықтар мен материалдық-техникалық базаны барынша жаңғырту жұмыстарын жүргізу аса маңызды екенін атап өтті.

Президентке «Qarmet» компаниясының басшылығы металлургия және көмір өндірушілер кәсіподағымен кездесу өткізгені туралы баяндалды. Онда еңбек шарты, ұжым үшін маңызды шешімдер қабылдауда өзара ықпалдастықты одан әрі жалғастыру мәселелері талқыланды. Кездесу қорытындысы бойынша компания мен қызметкерлер арасында болашақ ұжымдық шартты бірлесіп әзірлеу туралы келісімге қол қойылған.

Андрей Лаврентьевтің айтуынша, «Qarmet» компаниясы



Суретші: А. ДУКЕНОВ, А. ЖАЛЫБЕК

өндіріс көлемін арттыру, Орталық Азия мен ТМД-да металлургия саласы бойынша көшбасшы кәсіпорындардың бірі ретіндегі мәртебесін 2028 жылға қарай қайтару жөнінде стратегиялық мақсат қойып отыр. Көзделген мақсаттарды іске асыру үшін жылына болат өндірісін 64 пайызға (5 миллион тоннаға дейін), темір кені концентратын 88 пайызға (5 миллион тоннаға дейін) және көмір өндіруді 47 пайызға (9 миллион тоннаға дейін) ұлғайту жоспарланған.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев өңірдегі экология мәселесіне ерекше назар аударып, жабдықтарды газға көшіру арқылы Теміртау қаласындағы экологиялық ахуалды сауықтыру үшін түбегейлі шаралар қабылдау қажет екенін атап өтті.

Бұған қоса, Мемлекет басшысына «Allug» машина жасау кәсіпорны жұмысының

нәтижесі мен даму жоспары туралы мәлімет берілді.

2023 жылы зауыт 90 мыңнан астам техника шығарды. Бұл – отандық машина жасау саласындағы рекордтық көрсеткіш. Быыл наурыз айында «Chevrolet Onix» автомобильдерін ұсақ бөлшектерден құрастыру өндірісі іске қосылады. «Skoda» автомобильдері сериясын шығаруға арналған жабдықтар ретке келтіріліп жатыр. Қостанай қаласының индустриялық аймағында қуаты жылына 70 мың машина өндіруге жететін «Kia Qazaqstan» заманауи зауыты салынып жатыр.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кешенді шаралар қабылдау маңызды екенін атап өтіп, инвестициялық жобалардың уақтылы жүзеге асырылуын жалғастыруды, соның ішінде экологияны жақсартуға бағытталған жұмыстарға баса мән беруді тапсырды.

Бауырластықты нығайту бағыттары

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі қоғам қайраткері, дипломат, Түркі мемлекеттері ұйымы Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Икрам Адырбековті қабылдады.



Кездесу барысында былтыр қараша айында өткен Түркі мемлекеттері ұйымының X саммитінде Қазақстан тарапы ұйымның қазіргі төрағасы ретінде ұсынған «Түркі дәуірі!» («TURKTIME!») бағдарламасының басты бағыттарын жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев түркітілдес мемлекеттердің мәдени, рухани, тарихи, саяси-экономикалық салалардағы байланыстарын нығайту қажет екенін

айтты. Бұл ретте Мемлекет басшысы университеттердің филиалын ашу, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, ортақ құндылықтарды дәріптеу, сонымен қатар қаржы, жасанды интеллект, IT және аэроғарыш өнеркәсібі секілді экономиканың басым бағыттары бойынша бірлескен жобаларды жүзеге асыру жұмыстарына баса назар аудару керектігін атап өтті.

Өз кезегінде Икрам Адырбеков Түркістан қаласын түркі әлемінің рухани астанасы, бүкіл түркі халықтарына ортақ тарихи шаһар ретінде дамыту үшін атқарылуға тиіс шаралар туралы ой-пікірімен бөлісті.

Президент Түркі мемлекеттері ұйымының Ақсақалдар кеңесі бауырлас халықтардың өзара ықпалдастығын арттыруға елеулі үлес қосатынына сенім білдірді.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім):

1) 814-баптың екінші бөлігіндегі «Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес өзара сақтандыру қоғамы ғана» деген сөздер «Өзара сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзара сақтандыру қоғамы немесе «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі ғана» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 830-баптың 2-тармағы «агенті» деген сөзден кейін «, Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» деген сөздермен толықтырылсын;

(Жалғасы 10-бетте)

МИРАС

«Talapai» – креативті ойын

Біздің қоғамға креативті экономиканың затынан гөрі аты жақсы таныс. Мемлекет те салаға ел индустриясын өрге бастайтын ерекше бағыт ретінде қарайды. Содан болар, 2024 жыл шығармашылық сала өкілдерін қанаттандыратын жағымды жаңалықпен басталды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Үкімет арнайы қаулы шығарып, креативті индустрия субъектілеріне салықты жеңілдету талабы қабылданды. Сәйкесінше, 40

қызмет түрі КТС, жеке табыс салығы, ҚКС төлеуден босатылды. Бұл өз кезегінде дарынымен дараланатын азаматтардың әлауқатына, өндіріп жұмыс істеуіне екпін берді. Осыған орай ұлттық ойындардың нарықтағы әлеуетін жаңғыртып жүрген Айнұр ПОЛАТОВАМЕН жолығып, былтыр көпті таңғалдырған «Talapai» жобасы туралы егжей-тегжей сұраған едік.

(Соңы 14-бетте)

Аралды құтқарудағы ықпалдастық

Мемлекет басшысы Халықаралық Аралды құтқару қоры Атқарушы комитетінің төрағасы Асхат Оразбайды қабылдады.

Кездесу барысында Президентке қордың қызметі мен оның алдағы жылдары, яғни еліміздің ұйымға төрағалығы кезінде атқаратын міндеттері жөнінде мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттері арасындағы өзара ықпалдастықты



күшейту қажет екенін атап өтті. Соның ішінде Орталық Азиядағы су-энергетика ресурстарын тиімді пайдалану, Арал теңізі бассейніндегі су ресурстарын есептейтін, мониторинг

жүргізетін, басқаратын және өзара бөлетін бірыңғай автоматтандырылған жүйені енгізу үшін ынтымақтастықтың өңірлік тетіктерін құру мәселелеріне баса назар аудару керек екенін айтты.

ТОСЫН ТАБИФАТ

Алматы үрейленген түн

Қаңтардың 23-іне қараған түні қаннан-қаперсіз, бейқам жатқан, енді ұйқыға бас қоя бастаған Алматы тұрғындарын күтпеген дүмпулер сілкіп оятып, Жер мен көкті дірілдетіп, аспалы шамдарды шайқап, жиһаздарды сақыратып тұрып алған жер сілкінісі үрейленген елді сыртқа жөңкілтті. Көпқабатты үйлердің баспалдақтарынан басталған кептелек таңға дейін ұласқан қала көшелеріндегі кептеліске айналды. Алматыны әлмисақтан қорқытып келе жатқан үрейлі күн бір жағынан бейуайым халықты қаладан қашырса, дүрбеленге бастаған жалған ақпараттар мен белгісіздік тағы толастамады.

Айнаш ЕСАЛИ, «Egemen Qazaqstan»

Төтенше жағдайлар министрлігі «НТЦСН и И» сейсмикалық стансалар желісі 2024 жылғы 23 қаңтарда Алматы уақыты бойынша сағат 00.09.02-де (2024 жылғы 22 қаңтарда Гринвич бойынша 18 сағат 09 мин 02 сек) жер сілкінісі тіркелгенін хабарлады. Көп ұзамай «Xinhua» агенттігі Қытайдағы Шыңжаң-Ұйғыр ауданында магнитудасы 7,1-ге тең

жер сілкінісі болып, іле-шала 43 афтершок тіркелген, олардың магнитудасы 3-тен 5,3-ке дейін жеткені туралы ақпарат таратты. Бұл елде де алғашқы деректер бойынша 6 адам зардап шегіп, 2-суі ауыр жарақат алып, 47 үй қирап, 78 үй бүлінген.

Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде бірден Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың екі бірдей жатақханасы қирап қалыпты, зилзала 13 балдық күшпен қайталанатын деген сынды теріс ақпараттар осыз да үрей ұшып, сандалып

қалған жұрттың зәресін ұшырды. Көп ұзамай есін жиған қала қауіпсіздігі мен төтенше жағдайларға жауапты мекемелер байланысқа шығып, ресми ақпараттар тарата бастаса, алматылықтардың смартфондарына келген хабарландыру қызметі жер сілкінісінің шамамен магнитудасы 6,2 балға жеткенін болжады.

Көп ұзамай есін жинап үлгерген қала билігі Жедел штабтың шұғыл кеңесін өткізіп, әрі қарай қалай әрекет ету керектігін талқылап жатқаны мәлім болды. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің барлық жүйесі қосылып, барлық мектеп пен балабақша ашылып, халық паналайтын орындарға айналды. Полиция департаментінен бастап, жедел медициналық жәрдем қызметі, көпбейінді, мамандандырылған, балалар стационарлары, перзентханалар күшейтілген режимдегі әрекетке көшті.

(Соңы 6-бетте)



Көрініс: жергілікті БАҚ

